АЙМАҚ АҚШАМЫ

№10 (123) ЖҰМА 28 наурыз 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

• НАУРЫЗ НАҚЫШТАРЫ

«Өлмеген құлға мінеки, болып та қалды тағы жаз» демекші, табиғи Жаңа Жылға да жеттік. Жер бауырлап Жылан жылы да келіп жетті. Жылан жөнінде халық арасында бір – біріне қарама – қарсы ұғымдар қалыптасқан. Ұнататындар бар да, ұнатпайтындар да бар. Дегенмен, «жақсы сөз - жарым ырыс» дегендей, бұл жылды көбіне жақтап, мақтап жатады. Қалай десек те, бәрі адамдардың өздеріне байланысты ғой. Қазақ «Құдай пейіліне қарай береді» дейді. Көңіліміз кең, ниетіміз таза болсын әрқашан!

(4-5-беттерде.)

Жақсылығынмен жарылқа, жылан жылы!

НАУРЫЗДЫ ЖҰМЫСТА ҚАРСЫ АЛҒАНДАР

АРНАЙЫ ҚҰТТЫҚТАУҒА ИЕ БОЛДЫ

Сәтбаев қаласының әкімі Мұрат Бөрібаев, қалалық мәслихат төрағасының міндетін атқарушы Шолпан Жанғасқинова және қалалық Қоғамдық Кеңес төрағасы Қайрат Смайлов қалалық «Жедел жәрдем», полиция, өрт сөндіру бөлімі және №1 жылу беру станциясы мен қалалық жылу, сумен қамтамасыз ету кәсіпорындарында болып, Наурыз мерекесін жұмыс орындарында қарсы алғандарға арнайы барып, құттықтады, сый-сияпат жасады, естелік суреттерге түсті.

-Наурыз мейрамының алғашқы сағатын дәстүрге сай отбасымызбен қарсы аламыз. Алайда, арамызда қызмет борышы бойынша қала тұрғындарының қауіпсіздігін, денсаулығы мен жайлылығын қамтамасыз ете отырып, мерекелік түнді өз бекетінде өткізетіндер жандар да бар. Сондықтан, олардың еңбектері үшін қала халқының атынан алғыс сезімін жеткізуді жөн санадық. Олардың әрқайсының қала өміріндегі орны ерекше. Айталық, «Жедел жәрдем» бөлімі дертке шипа іздеген жандарға алғашқы көмек көрсетсе, тәртіп сақшылары мен өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлері тыныштығымыз бен қауіпсіздігімізді қамтамасыз етуде. Қалаға жылу мен суды үздіксіз беріп отырған мекеме қызметкерлеріне де алғысымыз шексіз – дейді қала басшысы.

Мұндай құттықтау Қаныш қаласында алғаш рет орын алды. Енді алдағы уақытта дәстүрге айналса, қандай ғанибет?!

Абдолла ДАСТАНОВ,
Ұлытау облысы,
Сәтбаев қаласы.

ҚАНЫШ ҚАЛАСЫН ГАЗДАНДЫРУ

Сәтбаев қаласының әкімі Мұрат Ерболатұлы Бөрібаев пен «QazaqGaz Aimaq» АК Қарағанды өндірістік филиалының директоры Бекзат Қанатұлы Шұға арасындағы кездесуде Сәтбаев қаласына газ жеткізу мәселесі талқыланып, меморандумға қол қойылды.

Қала басшысы газға қосылу құнын тұрғындар үшін қолжетімді еткізудің жолдарын қарастыру, яғни, тарифтерді пысықтауға назар аударды. Сол сияқты, мектептерді, балабақшаларды, ауруханаларды және басқа да маңызды әлеуметтік нысандарды басымдықпен қосу тұрғысына қатысты мәселелер көтерілді.

Газдандыру - қаланың өмір сүру сапасы мен экономикалық дамуын арттырудағы маңызды қадам. Бұл тұрғындарға жайлылық пен ыңғайлылықты қамтамасыз етеді, жылу шығындарын азайтады және экологиялық қауіпсіздікті арттырады. Газ инфрақұрылымын дамыту инвестицияларды тартуға және жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал етеді.

Сонымен, таяу жылдары қалаға газ келетін болды. Өйткені, қазір жобалау-сметалық құжаттама жасау басталып та кетті.

Қала әкімінің баспасөз қызметі

НАУРЫЗ-ЖАҢАЛЫҚ

АЛҚАЛЫ АНАЛАР БАҚ СЫНАСТЫ

Ұлытау облысында алғашқы рет көп балалы аналар арасында «Алқалы ару-2025» байқауы өткізілді. Байқауға облыстың әр өңірінен Алтын алқа және Күміс алқа иегерлері атанған 8 ана қатысты. «BIRGE.KZ.ULYTAU» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған бұл айрықша шараны тамашалауға Жезқазғандағы Халықтар достығы мен мәдениеті үйіне жұртшылық көптеп жиналды.

Сахнаға бірнеше кезең бойынша кезек-кезегімен шыққан аналар отбасы мүшелерімен бірге өз өнерлерін ортаға салды. Олар алғашқы кезеңде өздерін таныстырса, екінші кезеңде қабілет-қарымдарын танытатын сауалдарға жауап берді. Ал, үшінші кезеңде әйелдердің ежелгі ұлттық киімдерінің үлгісі мен ерекшелігін қысқа уақыттың ішінде талдап айтып берсе, төртінші кезеңде бойдағы өнерлерімен көрінді. Қазылар алқасы қатысушылардың өнерін төрт кезең бойынша жекежеке бағалап, ұпайларын беріп отырды.

Сынақ қорытындысы бойынша аналардың барлығына лайықты жүлделер тағайындалды. «Алқалы ару-2025» байқауының бас жүлдесін жезқазғандық кәсіпкер, Күміс алқалы көп балалы ана Самал Садықова жеңіп алып, 500 мың теңге сыйлыққа ие болды. Сондай-ақ 300 мың теңге жүлдесі бар бірінші орын Жезді кентінен келген Күміс алқалы Гүлжазира Зейілғазинаға, екінші орын 250 мың теңге жүлдесімен сәтбаевтық Алтын алқалы ана Айгүл Әбішеваға, 150 мың теңге сыйлығы бар үшінші орын Жәйрем кентінен қатысқан Алтын алқалы Ақтоты Әділбековаға бұйырды. Қалған қатысушылардың өнері халық арасында тарихи тұлғаға айналған аңыз аналар атындағы номинациялармен бағаланды. Атап айтқанда, қазылар шешімі бойынша «Жұбан ана» атындағы және «Даңқты ана» номинацияларына Сәтбаев қаласының көп балалы аналары Айжан Шәріпова мен Әйгерім Тоқтасынова, «Әлпеш ана» номинациясына жезқазғандық Ақжарқын Токишева, «Бидаш ана» номинациясына қарсақбайлық Сандуғаш Дүтбаева лайық деп табылып, олардың әрқайсына 100 мың теңгенің сертификаты тапсырылды. Сонымен қатар Қарсақбайдан қатысқан Алтын алқалы ана С.Дүтбаеваға «Кеңгір» шипажайына 10 күндік жолдама қоса берілді. Байқау жүлдесіне ие болған аналардың барлығы арнайы дипломмен марапатталды.

Бұл маңызды іс-шараның облыстық және Жезқазған, Сәтбаев қалалары әкімдіктерінің қолдауымен, аймақтағы Атымтай жомарт азаматтардың демеушілігімен өткенін атап өткен жөн. Сондай-ақ байқауға қатысқан барлық көп балалы аналарға «Халық банк» АҚ Ұлытау облыстық филиалы тұрмыстық техника дүкенінен 20 мың теңгенің затын алатын сертификаттар табыстады.

Амандық РАХҰЛЫ

СЕНАТ КУБОГЫ

АРДАГЕРЛЕР ШАХМАТ ТУРНИРІНЕ ҚАТЫСТЫ

Қазақстан шахмат федерациясы мен Парламент Сенаты бірлесіп ұйымдастырған «Senat Open-2025» шахмат турнирі биыл екінші жыл қатарынан өткізілгелі отыр. Осыған орай қазір жер-жерде Сенат кубогы сарапқа салынатын жарысқа қатысуға үміткерлерді іріктеу ойындары өткізілуде. Ұлытау облысында шахмат ойыншыларының алғашқы іріктеу турнирі ардагерлер арасында ұйымдастырылды.

Облыстық денешынықтыру және спорт басқармасы мен Ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен Жезқазғандағы «Жігер» спорт кешенінде өткізілген іріктеу жарысына аудан, қалалардан 50-ге жуық шахматшы ардагерлер қатысты. Іріктеу сайысын облыстық денешынықтыру және спорт басқармасының басшысы, Қазақстан шахмат федерациясының Ұлытау облысы бойынша атқарушы директоры Бағдат Байсалбеков ашып, қатысушыларға турнирдің ережесін түсіндірді. Жарыс ФИДЕ ережелері бойынша 8 кезеңнен тұратын швейцариялық жүйе бойынша өткізіледі. Жалпы «Senat Open-2025» II ашық кубогының ойындары үш кезеңде өтеді. Іріктеу жеңімпаздары Семей қаласында болатын жартылай финалға, ал ең үздіктері елордалық финалға өтеді.

Сондай-ақ, жарысқа қатысушыларға сәттілік тілеп, сөз сөйлеген облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сағындық Қожамсейітов шахматты аға ұрпақ арасында насихаттау арқылы олардың шеберліктерін арттыратын мұндай мәртебелі сайыстың маңызы зор екеніне тоқталды. Іріктеу жарысына қатысушылар

арасында өткен жылғы Сенат кубогы турнирінде финалдық ойынға қатысып, 130 ойыншының арасында төртінші орынға іліккен, кезінде Оңтүстік Жезқазған кенішінде, «НИПИцветметте» еңбек еткен тау-кен инженері, Сәтбаев қаласының ардагері Әзірбек Молдағалиев сияқты шебер ойыншылардың болғанын да айта кетуге болады.

Ардагерлер сынағының қорытындысы бойынша Сенат ашық кубогының алдағы іріктеу кезеңіне қатысуға ең жоғары ұпай жинаған 20 ардагер үміткер болды. Байқауды ұйымдастырушылар 5-ші орын алғанға дейінгі жүлдегерлерге ынталандыру сыйлықтарын тапсырды. Негізінде «Senat Open-2025» турнирі ардагерлермен қатар мемлекеттік қызметкерлер, депутаттар, қоғамдық ұйым мен жұртшылық өкілдері арасында шахматты насихаттауға және жергілікті шахмат қауымдастығын дамытуға бағытталған шара екені белгілі. Осыған орай енді жоғарыда айтылған қызметкерлер мен жастар тобының қатысуымен алдағы 5 мамырда жалпы Ұлытау облысының шахматшылар командасын іріктеу жарысы өткізілетін болады. Үздік шыққан ойыншылар 15 маусым мен 9 тамыз аралығындағы жартылай финалға, одан әрі 29 тамызда Астанада өтетін финалдық жарысқа қатысады.

Амандық РАХҰЛЫ

ЖАҢАШЫЛДЫҚ

ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫ, ИННОВАЦИЯЛАРҒА БЕЙІМДЕЛУІ

Құрылыс саласы қазіргі уақытта трансформация кезенінде тұр. Тұрақтылықтан бастап технологиялық жетілдірулерге дейін құрылыс саласы бұрын-соңды болмаған жылдамдықпен дамып келеді. Сала көптеген қиындықтарға тап болса да, ғимараттарды жобалау, салу және пайдалану әдістерін қайта қалыптастыру үшін бірқатар мүмкіндіктер бар. Құрылыс индустриясын қалыптастырып отырған негізгі трендтер мен мәселелерді қарастырайық.

Экологиялық мәселелер туралы жаһандық түсініктін артуымен жасыл құрылыс тәжірибелері құрылыс индустриясының негізгі бағытына айналды Энергия тиімді ғимараттар салу, құрылыс материалдарын енгізу бүгінде болашак жобалар үшін өте маңызды. Жасыл құрылыс тек энергия тиімділігімен ғана емес, сондай-ақ суды үнемдеу, қалдықтарды азайту және ғимараттардың тұрғындары үшін денсаулықты қамтамасыз ету салаларында да қамтиды. Үкіметтер мен саланың қатысушылары. Энергия және экологиялық дизайн бойынша жетекші құрылыс және сирек сертификаттарды қабылдап, энергия тиімділігі мен тұрақтылық бойынша жоғары стандарттар орнатуда. Құрылыс саласы маңызды еңбек күші тапшылығына тап болды. Жасы үлкен жұмысшылардың көбеюі және жас буынның салаға аз келуі еңбек ресурстарын тартуды талап етеді. Бұл мәселені шешу үшін кәсіптік білім беру, оқыту бағдарламалары мен жаңа стратегиялары қажет. Сонымен қатар, құрылыс саласының имиджін жақсарту. жұмыс жағдайларын, төлемдер мен жастарға арналған жұмыс орындарын дамыту маңызды.

Құрылыс жұмыстарының қауіптілігі жоғары болғандықтан, жұмысшылардың қауіпсіздігі әлі де маңызды басымдық болып табылады. Қауіпсіздік әрдайым құрылыс саласында басымдық болған, бірақ қазіргі таңда қауіпсіздік шараларын енгізуге ерекше назар аударылуда. Алайда, индустрия қауіпсіздік мәдениетін қабылдаған сайын, мақсат тек нормативтік талаптарды орындау емес, әр жұмысшының әл-ауқатын бірінші орынға қою болып табылады. Дәстүр бойынша, құрылыс компаниялары еңбек шығындарын азайтуға назар аударған, бірақ казіргі кезде жұмысшылардың қауіпсіздігіне және қауіпсіздік ережелеріне қатан сәйкестікке көбірек мән беріледі. Жаңа технологиялар жұмыс орнында апаттардың алдын алуға көмектеседі, ал жеке қорғаныс құралдары маңызды қорғаушы болып табылады.Технология маңызды рөл атқарады, киюге болатын құрылғылар мен жасанды интеллект аналитикалық тәуекелдерді бақылауға және азайтуға көмектеседі. Виртуалды шындық және кеңейтілген шындық, қауіпсіздік оқытуда қолданылып, жұмысшыларға әлеуетті қауіптерді жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Дәстүрлі түрде құрылыс индустриясы жаңа технологияларды енгізуде сақ болған, бірақ қазіргі уақытта бұл көзқарас өзгеруде. Құрылыс индустриясында тиімділікті арттыру үшін бірнеше технология түрлерін енгізуді жоспарлап отыр:

- ғимараттар туралы ақпараттық модельдеу
- дрондар
- кеңейтілген шындық және виртуалды шындық
- робототехника және автоматтандыру
- киюге болатын технологиялар
- жасанды интеллект.

Техник-құрылысшы және жұмыс орындарындағы қауіпсіздік техник мамандықтары қазіргі заманғы құрылыс саласының маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Құрылыс жұмыстары кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жұмысшылардың денсаулығы мен өмірін қорғау мақсатында арнайы білімі мен дағдылары бар мамандар қажет. Осыған орай Сәтбаев индустриалдық колледжінде жаңа талаптарға сай, білікті мамандарды даярлап оқыту көзделіп отыр. Құрылыс мамандары әрқашан, кез-келген мемлекетте сұранысы жоғары мамандық. Сәтбаев индустриалдық колледжінде мамандықты жетік менгерген, саласын түсініп бірнеше жылдар бойы кәсіпте жұмыс жасап, өз тәжірбиесі мен білімін үйрететін білікті өндірістік оқу шеберлері жұмыс жасайды.

Техник-құрылысшы – құрылыс саласындағы көптеген жұмыстарды атқаратын және құрылыс процестерін басқаруға қатысатын маман. Бұл мамандық бойынша білім алу барысында студенттер құрылыс материалдары, құрылыс жобаларын әзірлеу, құрылыс алаңдарын ұйымдастыру және құрылыс жұмыстарын басқару бойынша терең білім алады.

Колледжде студент, техник-құрылысшы мамандығын бойынша үйрене алады:

- Құрылыс жобаларын жоспарлау және орындау.
- Құрылыс алаңдарын қауіпсіз ұйымдастыру және басқару.
- Құрылыс материалдарын таңдау және олардың сапасын бақылау.
- Құрылыс процесінде жұмысшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
- Құрылыс техникаларын пайдалану және олардың жұмыс істеуін қадағалау.

Техник-құрылысшы және жұмыс орындарындағы қауіпсіздік техник мамандықтары қазіргі заманғы құрылыс саласының маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Құрылыс жұмыстары кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жұмысшылардың денсаулығы мен өмірін қорғау мақсатында арнайы білімі мен дағдылары бар мамандар қажет. Осы мақалада Сәтбаев индустриалдық колледжінде өңір бойынша бірінші ашылғалы отырған мамандық - жұмыс орындарындағы қауіпсіздік техник мамандығы.

Жұмыс орындарындағы қауіпсіздік техник мамандығы

Құрылыс жұмыстары кезінде қауіпсіздік мәселелері аса маңызды болып табылады. Құрылыс алаңдары көбінесе қауіпті жұмыс орындары болып саналады, сондықтан жұмысшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше назар аударылады. Бұл үшін қауіпсіздік техник маманы қажет, ол құрылыс алаңында және басқа да жұмыс орындарында қауіпсіздік ережелерін сақтау мен бақылауды жүзеге асырады.

Колледжде студент, қауіпсіздік техник мамандығын бойынша үйрене алады:

- Жұмысшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
- Жұмыс орындарында апаттардың алдын алу үшін қажетті шараларды қабылдау.
- Қауіпсіздік ережелерін түсіндіру және жұмысшыларды оқыту.
- Қауіпсіздік құралдарын (құлаққап, жұмыс киімдері, қауіпсіздік белбеулері) пайдалану бойынша нұсқаулар беру.
- Құрылыс алаңындағы авариялық жағдайлар мен қауіпті жағдайларды тексеру және оларды жою.

Екі маман да бір-бірінің жұмысын толықтырып, қауіпсіз және тиімді құрылыс процесін жүзеге асыруға көмектеседі.

Жобаны құжаттау:

- құрылыс барысының дәл жазбаларын құру
- қауіпсіздік тексерулері
- оқиғалардың алдын алу үшін ықтимал қауіптерді анықтайды
- жұмысшыларды бақылау
- қауіпсіздік нұсқауларын сақтауын қамтамасыз етеді.

Қорытындылай келесек, құрылыс саласының болашағы технологиялық жетістіктер тұрактылыққа деген күш-жігер және әлеуметтік динамиканың өзгеруінің бірігуімен калыптасып келеді. Сала көптеген қиындықтарға тап болса да, инновациялар мен өсудің қызықты мүмкіндіктері бар. Жаңа технологияларды қабылдап, тұрақтылыққа назар аударып және жұмыс күші мәселелерін шешу арқылы құрылыс саласы болашақта ғимараттарды салу және пайдалану тәсілдерін қайта анықтайтын кезеңге дайын тұр.

Жамиля АЛИМБЕКОВА,
«Сәтбаев индустриалдық колледжі» КММ өндірістік оқыту шебері.

ҮНДЕУ

ЫСЫРАПҚА ЖОЛ БЕРМЕЙІК!

Үндеу Жезқазған қаласының ақсақалдыры, зиялы қауымы мен барлық мұсылмандар діни өкілдерінің қатысуымен өткен бірінші форумында қабылданды

ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Ысырапшылық бүгінгі қоғамдағы талқыланып жүрген өзекті мәселенің бірі болғандықтан, Жезқазған қаласында жергілікті ақсақалдар, азаматтық қоғам өкілдері мен барлық аудан қалалардың имамдары қатысуымен өткен бірінші форумында осы мәселе талқыланды.

Құран Кәрімде Алла Тағала: «Жеңдер, ішіңдер! Ысырап қылмаңдар! Ысырап қылушылар – шайтанның туыстары», – делінген. Ысырапшылыққа жол бермеу – имандылық негізі. Осы мәселе бойынша Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қолдауымен еліміздің түпкір түпкірінде жергілікті ақсақалдар мен жұрттшылықтың қолдауымен құдайы астарда белгілі бір ас мәзірі бекітіліп, сол үрдіс қалыптасып келеді.

Ұлт ұясы Ұлытау өңірінің жұрттшылығы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының көтерген ысырапшылдыққа жол бермеу мәселесін толығымен қолдап, өлікті жөнелтуде болсын, той-жиын жасағанда бай да, кедей де болып асып-таспайық. Ертеңгі күнімізді ойлайық! Жауапкершілік жүгін сезінейік! Ысыраптан сақтанайық! Үнемшіл болайық! Мұның ең алдымен өзіміз үшін, болашақ ұрпақ тәрбиесі үшін қажет екендігін ұғынайық! Біз осы қасиетті ораза айынан бастап қанымызға сіңіп бара жатқан бұндай жат қылықтан тазарайық!

Құдайы астарда ас мәзіріне: бауырсақ, жеті нан, құрма, өрік не мейіз, қант, кәмпит, сары май не қаймақ, шай, ет пен күріш болсын деген ұсыныс қабылдансын.

Мәйітті жерлемей ас берілмейді, жаназа намазында сөз сөйлеуге болмайды, жыртыс, орамал таратылмайды. Барлық аудан, қалалардың ақсақалдары мен имамдарына бұл ұсыныс сақталмаса, ысырапқа жол берілетін жерден аулақ болуын ниеттейміз.

НАУРЫЗ НАҚЫШТАРЫ

Жақсылығынмен жарылқа, жылан жылы!

(Соңы. Басы 1-бетте .)

Наурыз – ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға негізделген, көктемнің келуін, жаңа жылдың басталуын бейнелейтін басты мерекелердің бірі. Әз Наурыз – жаңару мен жаңғырудың, береке мен бірліктің бастауы. Жылдың бұл мезгілі – күн мен түн теңеліп, жер жүзі қайта түлейтін шақ. Сондықтан ата-бабамыз ежелден шуақты көктем мерекесіне айрықша мән берген, оны Ұлыстың ұлы күні деп ұлықтаған. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Наурызнама тұжырымдамасы бекітіліп, оның негізінде елімізде Наурыз мейрамын тойлау 14 наурыздан бастап 23 наурызға дейін жалғасатын дәстүр қалыптасып келеді. Он күн бойы өткізілген салтанатты іс-шаралар ізгі амалдарға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, халықтың бірлігі мен ынтымағын нығайтуға арналуда. Бұл туралы көпшіліктің оң пікір білдіріп жатқанын аңғаруға болады. Айталық, бір ғана Ұлттық киім күнін алып қарайықшы. Қандай керемет! Бұл күні бір ғажабы басқа ұлт өкілдерінің де қазақы киім киініп жүргендері аз болған жоқ. Телеарнаны арқылы көргенімізді айтатын болсақ, Көкшетау қаласында өткен «Кимешек шеруге» қатысқандардың арасында орыс, неміс, татар, поляк және т.б. ұлттың бәйбішелері, ақ жаулықты әжелері болды. Тамаша ғой. Бұл ел халқының бір шаңырақ астына ұйыса түскенін көрсетеді. Нақ сол күні Сәтбаев қаласы облыс орталығындағы Алаш алаңын ән – күйге бөледі, мың бұралған бимен тамсандырды. Қала қолөнер шеберлерінің қолдарынан шыққан ұлттық киімдер көрсетілді. Үлкенге, жастарға, балаларға, әйелдерге, қыздарға арнайы тігілген киім үлгілерін көрген көпшіліктің сүйсіністерін көзіміз көрді, қаладағы алтынқолды шеберлер үшін қуандық.

Сөз арасында айта кетейік, 22 наурыз күні облыс орталығында өткен Наурыз мерекесіне Сәтбаев қаласының жұртшылығы да белсене атсалысты, арнайы киіз үй апарып тікті. Облыстық «Үздіккиіз үй» байқауында Сәтбаев қаласының киіз үйі 3-ороынды жеңіп алды. Сөйтіп, 300 мың теңге бәйге иеленді.

-Биылғы киіз үйлердің ерекшелігі, бұрындары дастархан жаю, қонақ күту жағына көбірек мән берілетін болса, биыл ұлттық бұйымдарды, киімдерді көрсету жағына көңіл бөлінген екен. Аймағымыздағы қолөнер шеберлерінің төл туындыларын көпшілікке таныстыруға да Наурыз тамаша мүмкіндік жасаған екен. Соның ішінде Сәтбаев қаласының тіккен киіз үйінің амаған айрықша ұнағаны, мұнда кәдімгі жүннен, киізден керемет нәрселер жасауға болатынын көрсетіп бергендері. Киізден жасалған ұлы Абайдың, Қаныш Сәтбаевтың бейнелерін көріп, таң-тамаша қалдым –деп ой бөлісті бізбен еңбек ардагері, зейнеткер Тоңболат Мұханұлы.

Ал, 22 наурыз күні Ұлтымыздың Ұлық мейрамын сәтбаевтықтар жылдағы дәстүрге сай Кеншілер алаңында қарсы алды. Ауа райының суықтығына қарамастан қала тұрғындары мен қонақтары отбасыларымен бірге орталық алаңға жиналып, көтеріңкі көңілкүймен көктемнің басты мерекесін атап өтті. Көше бойына ұлттық нақышта безендірілген киіз үйлер жағалай тігіліп, алтыбақандар құрылды. Жергілікті қолөнер шеберлерінің бұйымдарынан көрме-жәрмеңкелер ұйымдастырылып, ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өткізілді. Арқан тарту, асық ату, қазақша күрес, гір тасын көтеру, күш сынасу секілді спорттық шараларда қа-

тысушылар өзара мықтыны анықтап, жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар табысталды. Мерекеге жиналған жұрттшылық қалалық әкімдік пен жеке кәсіпкерлер тарапынан ұлестірілген Наурыз көжеден және басқа да қазақтың ұлттық тағамдарынан дәм татты.

Жазғы сахнада қала халқы үшін «Жыл басы – Наурыз» атты театрландырылған қойылым ұсынылып, оның барысында жергілікті өнерпаздар Наурыз мейрамының басты құндылықтарын, сондай-ақ үлкенге - құрмет, кішіге - ізет, ағайын-туыс, ауыл-аймақ арасындағы бауырмалдылық, сыйластыққа негізделген ауыл тіршілігін жоғары деңгейде сомдап шықты.

Қала әкімі Мұрат Бөрібаевтың құттықтауы да тым ерекше естілді. Ол көктем мен жаңарудың, ырыс пен ынтымақтың символы болған Наурыз мерекесімен тұрғындарды құттықтап, халықтың әл-ауқатын жақсартуда алдағы уақытта жүзеге асырылатын бірқатар жоспарларды тілге тиек етті.

– Қыстан аман-есен шықтық. Бірақ жылу желілерінің тозығы жеткен, сол себепті биыл жарты ғасырға жуық жөндеу көрмеген №1, 2 жылу магистральдері күрделі жөндеуден өтетін болады. Абай көшесіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізіп, жолды кеңейтіп, суағар салу жоспарымызда бар. Қаланың төменгі бөлігіндегі №8, 9, 15в, 16 кварталдарда абаттандыру жұмыстары жүргізіледі. Тұрғындардың серігіп, демалуына арналған Оқушылар алаңы бой көтеріп, Ерден көшесінің бойына шағын аллея салынады. Тәуелсіздік – Сәтбаев даңғылы қиылысында орналасқан шағын аллеялар абаттандырылады. Өзекті болып табылатын жол мәселесі де назардан тыс қалмайды. Бұл бағытта баршамыз бірлесіп күрделі жұмыстар жүргіземіз деген сенімдемін. Қаламыздың жарқын болашағын жасау үшін бәріңізді осы мүддеге атсалысуға шақырамын. Қадірлі ағайын, ежелден жаңару мен жасампаздықтың бастауы болған Әз Наурыз қажырлы еңбектеріңізге толағай табыстар әкелсін. Айналамыз аман, төңірегіміз түгел, бауырымыз бүтін болғай, – деді Мұрат Ерболатұлы.

Қазақ халқы мәдениетінің түп қазығы – киіз үйдің рөлі мен құндылықтарын насихаттау, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру, мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді дәріптеу мақсатында «Үздік киіз үй» қалалық байқауы да ерекше белсенділікпен өтті. Бұл күні кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі, «Германиядағы Кеңес әскерінің тобы мен Варшава келісім шарты әскерінің тобы» ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігі, Сәтбаев жылусумен жабдықтау кәсіпорыны, «Ұлытау» қайырымдылық қоры, қалалық білім бөлімі, Сәтбаев қаласының діни бірлестіктері мен «Самға-Тазалық» БК ЖШС ұйымдарынан 7 киіз үй тігілді. Айта кететін жайт, бұлардың ішінде діни бірлестіктер ұйымы мен қайырымдылық қоры биыл бірінші рет мерекеге қатысты. Киіз үйлер ұлттық дәстүрді насихаттап қана қоймай, безендірілуімен, мерекелік атмосфера сыйлауымен, ұлттық тағамдарды ұсынуымен өзара сайысқа түсіп, үздіктері анықталды. Байқау шарттарына сәйкес киіз үйдің ішкі безендірілуі, жан-жағы абаттандырылуы, қатысушылардың киімдері, әдет-ғұрыптарды ұстануы, актерлық шеберліктері мен шығармашылық өнерлері ескерілді. Комиссия шешімімен сән-сәулетімен, өнер шеберлерімен, ұлттық дәулетімен, түрлі спорт жарыстарымен жоғары бағаланған Сәтбаев қаласының білім бөлімі бас жүлдені жеңіп алды. Жүлделі I орынды – Сәтбаев жылумен-сумен жабдықтау кәсіпорыны, II орынды – «Германия-Варшава келісім шарт әскери топ Ардагерлері» республикалық ҚБ, ал III орынды – діни бірлестіктері иеленді. Барлық жеңімпаздар мен қатысушылар қала әкімінің Алғыс хаттарымен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Ұлыстың Ұлы күні мерекесіне орай кенді қаламызға Қарағанды қаласынан арнайы келген «Әлқисса» этно ансамблі мен жергілікті өнерпаздар барша жиналған қауымға өз өнерлерін паш етіп, мерекелік көңіл-күй сыйлаған концерттік бағдарламаларын ұсынды.

Ай НҰР.

ЖОБА

СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫН РЕНОВАЦИЯЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының, «Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 736 қаулысына сәйкес, Сәтбаев қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Сәтбаев қаласының тұрғын үй қорын реновациялаудың 2025-2029 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Сәтбаев қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сәтбаев қаласының
әкімі М. Бурибаев

Сәтбаев қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «___» _____ № ____ қаулысымен
Бекітілген

СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫН РЕНОВАЦИЯЛАУДЫҢ 2023-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Жалпы ережелер

1. Сәтбаев қаласының тұрғын үй қорын реновациялаудың 2023-2029 жылдарға арналған бағдарламасы» (бұдан әрі – Реновациялау бағдарламасы) Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 736 қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Қаладағы тұрғын үй қорын реновациялау – қаладағы апатты тұрғын үй қорының өсуін болдырмау, тұрғын аумақтарды дамыту және оларды абаттандыруды қамтамасыз ету мақсатында тұрғындардың тыныс-тіршілігі ортасын жаңартуға және қолайлы өмір сүру жағдайларын, қоғамдық кеңістікті жасауға бағытталған іс-шаралар кешені.

3. Реновациялау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен апатты (тозған) тұрғын үйді бұзу және одан азаматтарды көшіру арқылы қаланың «ескі» кварталдарын кешенді реконструкциялауды көздейді.

4. Реновациялау бағдарламасы 2029 жылға дейінгі мерзімге қабылданады және соңғы онжылдықтарда жинақталған қала экологиясын дамытудағы теңгерімсіздікті жоюға және алдағы 10-15 жылда қалада апатты тұрғын үй қорының жаппай пайда болуын болдырмауға мүмкіндік береді.

5. Реновациялауға жататын объектілердің тізбесі (ресми түрде апатты деп танылған үйлер кіреді), мерзімдері мен кезектілігі көппәтерлі тұрғын үйлердің құрылыс конструкцияларының тозуы, олардың пайдалану талаптарына сәйкестігі, сондай-ақ үй-жайлар меншік иелерінің пікірлері ескеріле отырып, сараптама ұйымының қорытындысы негізінде айқындалады және жергілікті атқарушы орган бекітеді.

6. Жергілікті атқарушы орган Реновациялау бағдарламасын іске асыру үшін уәкілетті ұйымды айқындайды және қаржыландырады.

Авариялық (тозығы жеткен) тұрғын үйлерді бұзу жергілікті бюджет қаражаты есебінен (бюджет қаражаты болған жағдайда) жүргізілетін болады.

2. Реновациялау бағдарламасын іске асыру өзектілігі

7. Қаланың қолданыстағы тұрғын үй қоры 2024 жылғы 1 желтоқсандағы жағдайы бойынша 627 көппәтерлі тұрғын үйді құрайды. Соның ішінде: 225 үй- ескі, 26 үй- апатты, 1 үй- апатқа дейінгі.

8. Қаладағы апатты тұрғын үйлердің жағдайы:

Бұл санаттың негізін нормативті пайдалану мерзімі төмен көппәтерлі тұрғын үйлер құрайды. Мұндай үйлердің көп бөлігі тұрғын үйді жекешелендіру кезеңінде күрделі жөндеусіз немесе оны жүзеге асыруға кеткен шығындар өтелмей жеке меншікке берілген. Алдағы уақытта үй иелерінің қажетті қаражаттарының болмауына байланысты, бұл үйлерді күрделі жөндеу іс жүзінде жүргізілген жоқ, бұл олардың одан әрі тозуына әкелді.

3. Реновациялау бағдарламасының міндеттері

9. Реновациялау бағдарламасының негізгі міндеті – қаладағы апатты тұрғын үй қорының жаппай пайда болуына жол бермеу және өткен онжылдықтарда қала дамуының жинақталған сәйкессіздіктерін бір мезгілде түзету және негізінен жаңа сападағы қалалық ортаны қалыптастыру.

Тұрғын үй қорын сапалы жаңартуды көздейтін Реновациялау бағдарламасын іске асыру азаматтардың тұрғын үймен қамтамасыз етілу көрсеткішін жақсартуға мүмкіндік береді және тұрғын аумақтардың орнықты дамуына, экономикалық, әлеуметтік, өзге де қоғамдық мүдделерді ескере отырып, қолайлы өмір сүру ортасын, қоғамдық кеңістіктерді құруға және аумақты абаттандыруға ықпал етеді, қаланың жаңа, қазіргі заманғы келбетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

10. Реновациялау бағдарламасын іске асыру кезінде келесі міндеттерді шешу жоспарлануда:

жайлы тұруға, демалуға және жұмыс істеуге бейімделген, аралас функциясы бар қалалық ортаның жаңа жоспарлау құрылымын құру;

энергиялық тиімді көппәтерлі тұрғын үйлерді салу, оларды пайдалану шығындарын азайту;

экологиялық жағдайды жақсарту;

инженерлік инфрақұрылымды жаңарту және жаңғырту;

қаланың қазіргі заманғы сәулеттік келбетін қалыптастыру.

4. Реновациялау бағдарламасын іске асыру тетігі мен тәртібі

11. Жергілікті бюджет есебінен Реновациялау бағдарламасын қаржыландыру жағдайларын қоспағанда, бағдарлама әкімшісі болып «Сәтбаев қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі айқындалады.

12. Реновациялау бағдарламасын қаржыландыру жергілікті бюджет және өзге де көздер есебінен жүзеге асырылуы мүмкін:

Үйлер саны	1928-1930 ж.ж.	1931-1940 ж.ж.	1941-1950 ж.ж.	1951-1960 ж.ж.	1961-1970 ж.ж.	1971-1980 ж.ж.	1981-1990 ж.ж.	1991-2000 ж.ж.	2001-2020 ж.ж.	2021-2022 ж.ж.
1) Ескі үй-225. 2) Апатты үй – 26. 3) Апатқа дейінгі үй-1	-	-	-	240	2	8	1	-	-	-

